

**"Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы**

Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 19 сәуірдегі № 550/2 қаулысы.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, 37-бабы 8-тармағына, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 18-бабы 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" № 590 қаулысына сәйкес Павлодар қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – ММ) Ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Павлодар қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 24 қаңтардағы "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мәселелері туралы" № 61/1 қаулысының күші жойылсын.

3. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С. А. Гладышеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар қаласының әкімі

А. Байханов

Павлодар қаласы әкімдігінің
2022 жылғы "19" сәуір
№ 550/2 қаулысына
қосымша

Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімдігінің 07.11.2023 № 1438/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Павлодар қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Павлодар қаласы әкімдігінің уәкілетті мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртаңбалары бар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделген шешімдер қабылдайды.

8. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңды мекенжайы: 140000, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Кривенко көшесі, 25.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" құрылтайшы құжаты болып табылады.

12. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады. Егер "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің міндеттері мен өкілеттіктері

14. Міндеттері:

1) әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру;

2) қалалық бюджеттен қаржыландырылатын ведомствоға қарасты ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайтуды ұйымдастыру;

3) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар саласында әлеуметтік - экономикалық міндеттер кешені мен қалалық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру ;

4) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар саласында басқа да қаланың ұйымдары және басқа аумақтардың ұйымдарымен өзара іс – әрекет жасау, қаладағы аймақаралық және ішкі байланысты жүзеге асыру;

5) еңбек ұтқырлығына жәрдемдесу және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары;

15. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

1.1 Қазақстан Республикасының Заңдары мен Конституциясына, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Президенті актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес белгіленген іс - әрекеттерді жасау.

2) міндеттері:

2.1 Мемлекеттік органның міндеті болып табылатын іс-әрекет шеңберін орындау.

16. Функциялары:

1) Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) мемлекеттік қызметтер көрсету;

3) жұмыс күшінің сұранысы мен ұсынысын болжауды талдау;

4) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары бойынша ұсыныстарды жоғары тұрған органға енгізу;

- 5) өңірлік жұмыспен қамту картасы жоспарын және халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру;
- 6) Ұлттық жобалар, облыстың даму жоспарлары, өңірлік жұмыспен қамту картасы шеңберінде жұмыс орындарын құру мониторингін жүзеге асыру;
- 7) жұмыс орындарын құруды қолдау кәсіпкерлік бастаманы дамыту;
- 8) жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру мақсатында адамдарды ерікті түрде көшіру үшін елді мекендерді айқындау жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 9) жұмыс орындарын босату және қысқарту тәуекелдері бар ұйымдардың мониторингін жүзеге асыру;
- 10) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ету мақсатында еңбек ұтқырлығы орталықтарымен өзара іс-қимыл жасау;
- 11) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін, олардың қарамағындағы субъектілерді құру және олардың қызметі;
- 12) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілердің арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсынуы;
- 13) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерді кадрмен қамтамасыз етуді, әлеуметтік қызметкерлерді кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;
- 14) халықтың арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттіліктеріне талдау жүргізу;
- 15) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша Мемлекеттік сатып алуды, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруды және арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыру;
- 16) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесін дамыту жөнінде шаралар қабылдау;
- 17) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелері бойынша жеке, заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;
- 18) мүгедек адамдарға әлеуметтік көмек көрсету және қайырымдылық көмек көрсетуде үйлестіру;
- 19) мүгедектігі бар адамдарды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларды санаторий-курорттық емдеуді қамтамасыз ету;
- 20) мүгедектігі бар адамдарды мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету;
- 21) жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшіні, мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес есту қабілеті нашар адамдар үшін жестау тілі маманын қызметтермен қамтамасыз ету;

- 22) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мүгедек адамдарды әлеуметтік қолдаудың қосымша шараларын ұсыну;
- 23) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру;
- 24) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, тұрғын үй көмегін көрсету;
- 25) ауылдық жерлерде денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсету;
- 26) Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету
- 27) Павлодар қаласы бойынша мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаждық есебінде тұрған азаматтарға тұрғын үй сертификаттарын беру;
- 28) қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу және оналту жөніндегі шараларды ұйымдастыру;
- 29) қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыру;
- 30) ведомстволық бағынысты мекемелердің әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі қызметін үйлестіру;
- 31) бөлімге Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.
3. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мәртебесі, өкілеттігі
17. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.
18. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысын Павлодар қаласының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.
19. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік мәселелер бойынша Павлодар қаласы әкімі орынбасарының келісімі бойынша қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.
20. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өз орынбасарларының міндеттерін және өкілеттілігінің және "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылымдық бөлімшелерінің функциялары шегін анықтайды;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін лауазымға босатады және қызметке тағайындайды;

3) белгіленген заңнама тәртібінде "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

4) "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылымдық бөлімшелердің ережесін бекітеді;

5) "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесін мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда сенімхатсыз ұсынады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келісім шарттарды жасайды және сенімхаттар береді;

7) "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдауға дербес жауапты болады.

"Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

21. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

22. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің алқалы органдары жоқ.

4. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің органның мүлкі

23. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік қалалық коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада басқасы көзделмесе, "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қайта ұйымдастыру және тарату

26. "Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрамына кіретін ұйымдардың тізбесі

1) Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдармалар бөлімінің "Балалары бар әйелдерді әлеуметтік-психологиялық сауықтыру және бейімдеу Павлодар қалалық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдармалар бөлімінің "Халыққа әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдармалар бөлімінің "Өмірлік қиын жағдайға тап болған тұлғаларды қайта әлеуметтендіру орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдармалар бөлімінің "Белсенді ұзақ өмір орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.